	2 орын	36376 әскери бөлімі
	3 орын	35411 әскери бөлімі
Жедел (материалдық-техникалық) қамтамасыз ету бөлімдері арасында	1 орын	44736 әскери бөлімі
	2 орын	54770 әскери бөлімі
	3 орын	44793 әскери бөлімі
	4 орын	32388 әскери бөлімі
Сақтау базалары (қоймалары) арасында	1 орын	47007 әскери бөлімі
	2 орын	16443 әскери бөлімі
	3 орын	15701 әскери бөлімі
	4 орын	41446 әскери бөлімі
Жеке әскери бөлімдердің арасында	1 орын	32355-К әскери бөлімі
	2 орын	02352 әскери бөлімі
Тұраралық оқу полигоны	1 орын	12794 әскери бөлімі
Аймақтық қорғау бригадаларының арасында	1 орын	99225 әскери бөлімі
	2 орын	99230 әскери бөлімі

автомобильді айдап кету, бұзақылық, сонымен бірге төтенше жағдай режимін бұзу, құқық бұзушылық, мас күйінде көлік жүргізу секілді көптеген қылмысты әшкереледі.

Оқу-жаттығу десек те, қателікке жол беруге болмайды...

2020 оқу жылында есте қалған елеулі оқиғаның бірі – «Ізенді» оқу полигонында қыркүйектің 14-18 аралығында өткен «Шығыс» өңірлік қолбасшылығының бригадалық тактикалық оқу-жаттығуы.

Үш кезеңнен құралған жаттығуда әскери бөлімдердің жеке құрамы дабыл бойынша жауынгерлік әзірліктің жоғары деңгейіне келтірілді. Семей және Аягөз қалаларынан Алматы облысының оқу полигонына дейін құрамдастырылған тәсілмен 600-ден астам шақырымдық марш жасап, арнайы әскери қимылдар жүргізілді. Өзгешілігі сол, жауынгерлік атыс кезеңінде 218 нысана әзірленді. Нысана жазығы 3 000 метрге, тереңдігі 2500 метрге белгіленді. Оның саны, сипаты, орналасқан жері,

нысаналардың көрсетілу тәртібі мен ұзақтығы жаттығудың мақсат-мұратына қарай анықталды. Ең ұтымды жері – «джихадмобилдердің» қимыл-әрекетін және қарсыласты білдіретін нысаналар қойылып, 12794 әскери бөлімінің полигон құрал-жабдықтары қолданылды. Бұған қоса «қарсыластың дрондары» мақсатын 18 метр биіктіктегі гельді шарлар орындады. Жаттығудың тағы бір артықшылығына тоқталсақ, атыстың қорытындысы төрт көрсеткіш бойынша: жабық тоқ ату позициясында артиллерияның атыс міндеттерін орындауы, танк зеңбіректері мен жаяу әскердің жауынгерлік машинасынан атудың нәтижесіне, әуе қорғанысы құралдарымен атыс міндеттерін орындауы, атыс қаруынан атудың нәтижесі бойынша бағаланды. Бригадалық тактикалық оқу-жаттығуының аясында полктік тактикалы-арнайы жаттығу, батальондық топтармен тактикалық жаттығу, дивизионның тактикалық жаттығуы да жүзеге асты. Бір сөзбен айтқанда, әскери колоннаны алып жүру, аса маңызды нысандарды күзету, қарсыластың диверсиялық күшімен күрес, заңсыз жасақталған қарулы құраманы оқшаулау және көзін жою, барлауды ұйымдастыру, елді мекенде қоршауда қалған қарсыласпен ұрыс жөніндегі әрекеттер әбден пысықталды. Әскерилер далалық жағдайда күндіз де, түнде де шеберліктерін шыңдап, жаттығудың күрделі кезеңдерінен өтті. Жауынгерлік ату кезеңінде армиялық авиация техникасы барлау-соққы беруші қимылдар жасады. Жаттығуға қатысушы әскерилер үздіксіз барлау жасау, әскери техника мен қару-жарақты, қорғаныс құралдары мен маскировка





жасауды шебер қолдану жөнінде кәсіби дайындықтың деңгейін көрсетті. Мұның барлығы не үшін қажет? Еліміздің Қарулы Күштерін мына заманның талабына сай ұдайы жетілдіру үшін керек. Оқу-жаттығуы десек те, әбестікке ұрынуға әсте болмайды. «Жау жоқ деме – жар астында, бөрі жоқ деме – бөрік астында» дейді қазақ. Қазір әлем тыныш емес. Мемлекеттің қорғанысы – ең жоғарғы халықаралық стандарттарға сай қазіргі кәсіби армияны дамыту деген сөз.

Нәтижесі не берді?

Жалпы алғанда қолбасшылықтың жеке құрамы 2020 оқу жылында жемісті еңбек етті. Жауынгерлік әзірлікті одан әрі белсендірудің, кәсіби дағдыны барынша арттырудың, әскери тәртіп пен құқық тәртібінің жағдайын жақсартудың оң үрдісін сақтай біліп, жедел және жауынгерлік дайындықта да айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізді.

Алда тұрған асқаралы міндеттер

Генерал-майор Асан ЖҮСІПОВ, «Шығыс» өңірлік қолбасшылығы әскерлерінің қолбасшысы: «Ұлы дала әскері – Тәуелсіздік тірегі» жауынгерлік ұранымен басталған 2021 жылдың оқу кезеңінің негізгі тапсырмалары жетерлік. Әскери басқару органдарын, өңірлік қолбасшылық әскерлерін жауынгерлік мақсатына сай міндеттерді шешуге даярлау керек. Бірлескен командалық-штабтық «Батыс-2021» арнайы оқу жаттығуына, әскери мамандықтарға қатысты «Армия ойындары – 2021» халықаралық



жарысына, бірлескен «Достарым-2021» тактикалық арнайы оқу жаттығуына, бірлескен «Түлкі аулау-2021» тактикалық арнайы оқу жаттығуына, барлау топтарының «Алтын үкі – 2021» халықаралық жарыстарына қатысу үшін дайындыққа барынша күш салу қажет. Бұған қоса 2021 оқу жылының қысқы және жазғы оқу кезеңдерінде жауынгерлік әзірлік бойынша тактикалық-саптық сабақтар, әскери бөлімдердің лауазымды адамдарымен курстық (командирлік) даярлық, өңірлік қолбасшылық басқару органдарымен бірлескен штабтық жаттығулар, өңірлік қолбасшылықтың әскери бөлімдерімен командалық-штабтық жұмылдыру оқу-жаттығулары, өңірлік қолбасшылықтың әскери бөлімдерімен екі сатылы командалық-штабтық оқу-жаттығулар, 27943 әскери бөлімінің

бригадалық тактикалық оқу-жаттығуы, өңірлік қолбасшылықтың әскери бөлімдерімен тактикалық-арнайы оқу-жаттығуларын сапалы ұйымдастыру мен өткізу міндеті тұр. Қазіргі соғыс пен қарулы қақтығыстардың түр-сипатын ескеріп, әскерлерді таулы жерлер мен елді-мекендерде жауынгерлік іс-қимылдарға барынша жақындатылған жағдайда даярлауға, қарулы күрестің жаңа құралдарын қолдануға, жеке және ұжымдық қарудан оқ ату бойынша әскери қызметшілердің жеке әзірлік деңгейін жақсартуға, сонымен бірге барлық санаттағы әскери қызметшілердің дене даярлығы деңгейін арттыруға ерекше мән беріледі».

Алуа СӘКЕНҚЫЗЫ
«ШЫҒЫС» өңірлік қолбасшылығы





Халқымызда «Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады» дейді. Бұны берік ұстанғандар білімге құштар келетіні хақ. Осы тұста табандылықпен әскер саласына бет бұрып, қыр-сырын ұғынғысы келетін ұрпақ бар екенін білеміз.

Бүгінгі таңда оларға қорғаныс саласында білім деңгейін арттыруға мейлінше жол ашылып отыр. Күні кеше әскердегі білім жүйесі қандай еді? Қарулы Күштеріміздегі маман саны артты ма? Қазіргі әскери кадрларды даярлау ісі қандай? Осы жайында саралап, көптің қаперіне қажет мәліметтермен бөліскенді жөн көрдік. Сонымен...

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘСКЕРИ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ



Маман тапшылығы білінді

Иә, осыдан отыз жылға жуық уақыт бұрын Қарулы Күштеріміз құрылғанын білеміз. Бастапқы жылдарда кезек күттірмейтін мәселелер болды. Ол әскери маман даярлау ісі еді. Сол уақытта әскеріміз кадрларға өте мұқтаж болды. Өйткені Қазақстанның қорғаныс саласындағы өзге ұлт өкілдері өз елін тауып, үдере көшіп, олардың орнын басар лайықты мамандар болмай қалған еді.

Сөзімізге дәлел болсын, 1991 жылдың соңына қарай Қазақстан аумағында КСРО Қарулы Күштері әскерлерінің құрамында жалпы саны 200 мыңдай адам болған екен. Сол офицерлердің

кету деңгейі 1992 жылғы мамырдан 1995 жылғы қаңтарға дейін тізімдік құрамның 89 пайызын құрады. Осыдан келіп, Қазақстан Қарулы Күштерінде әскери мамандардың тапшылығы туындады.

Бұл түйткілді мәселе еді. Содан білікті, кәсіби мамандарды даярлауға мемлекеттік деңгейде маңыз беріліп, оған тұңғыш министрден бастап шенді-шекпенділер атсалысты.

Ұлттық кадрларға мән берілді

Деректерге көз жіберсек, тоқсаныншы жылдары әскери комиссариаттар мен республиканың азаматтық қорғаныс жүйесінде 1949

офицер қызмет атқарды. Оның ішінде ұлты қазақтары 247 (12,6 %) ғана болды. 19 облыстық әскери комиссардың тек 5-уі ғана қазақ еді. КСРО Қарулы Күштері бойынша жалпы 2 830 офицер қазақ ұлтынан болса, Алматы жоғары жалпы әскери командалық училищесіндегі 190 офицердің тек 6-уы қазақ (3 %) болды. Училищеде батальон командирінің бірдебіреуі қазақ ұлтынан болған емес, курсанттардың санына келсек, 87 (9,4 %) қазақ баласы болды. Әскери кадр саясатының осындай зардаптары, әрине, қиыншылыққа кезіктірмей қоймады. Әсіресе, әскери білім саласы жүйесінде ұлттық әскери кадрларды даярлау ең көкейкесті мәселе еді.

1991 жылдың қазан айында Президент Н.Назарбаевтың Жарлығымен Мемлекеттік қорғаныс комитеті құрылып, Сағадат Нұрмағанбетов оған төраға болып тағайындалды. Содан көп ұзамай Сағадат Қожахметұлы полковник Абай Тасболатовқа жауапкершілігі жоғары тапсырмалар жүктеді. Бұл жерде негізгі мақсат ЖОО-дағы әскери кафедралар қызметінің қалпын сақтап, әскери маман даярлау ісін құрдымға жіберіп алмау болатын.

Егемендіктің алғашқы жылдарында Алматыдағы жоғары жалпы әскери командалық училищесіне бастық етіп тағайындаған оған: «Жігіттерді өсіресің және көбіне қазақтың баласын аласың.



Емтиханда аузын ашып, аяғын басып ынта білдірсе, «офицер боламын» десе, мұрнынан боғы ақса да оқуға аласың», - деген екен генерал.

Содан өз еліміздің жігіттеріне мән беріліп, кейіннен ұлттық құрам 95 %-ке жетті. Әскери училищеде бұрын 4 мамандық болса, 1992 жылдан бастап барлығы 11 мамандық дайындай бастады. Бұл кадр даярлаудағы бастапқы қадамдардың бірі еді.

Әуелгіде Ресеймен уағдаласты

Елімізде әскери білім жүйесі енді қолға алынғалы тұрған шақта «қажетті мамандарды қайда даярлаймыз?» деген сұрақ туындады. Сонда шенді-шекпенділеріміздің «кадр дайындау жөнінде өзге елмен шарт жасасу қажет» деген шешімі болды. Бірден көршілес Ресейдің Генералдық штабымен уағдаласуды ойласты. Алайда, Ресей «ә» дегеннен келісім бере қоймады. Қазақстан түгілі, Украина мен Беларусті жолатпады. Не керек, түбінде келісімге келіп, жыл сайын 40 офицер әскери академияға, 250-300 офицер әскери училищеге оқуға қабылданатын болды. Сол жіберілген офицерлердің көбісі қазіргі кезде генералдан бастап дәрежелі шенділер болды.

Жаңа оқу орындар ашылды

Заманауи армия құру – бұл тек техника мен қару-жарақты жетілдіру емес, сонымен бірге бірінші кезекте кәсіби армияның негізі болып саналатын жаңа әскери буынды тәрбиелеу. 1996-2005 жылдар аралығында әскери білім беру жүйесінің негізі қаланды. Республикада бірнеше әскери оқу орындары ашылды. Олар: Ұлттық қорғаныс университеті, Құрлық әскерлерінің Әскери институты, Әуе қорғанысы күштерінің Әскери институты, Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институты, Әскери-теңіз институты. Жұмылдыру резервін толықтыру мақсатында азаматтық оқу орындарында запастағы офицерлер даярлау үшін әскери кафедралар ашылды.

1996 жылы Қарулы Күштерге кәсіби сержанттар даярлау мақсатында Елбасының Жарлығымен Шучье қаласында Қорғаныс министрлігінің Шоқан Уәлиханов атындағы Кадет корпусы құрылды. Оны бітірушілер кәсіби сержанттар институтының негізін құрады. Бүгінгі таңда сержанттар басқару орталық органдарынан бастап ең төменгі бөлімдерге дейін әскерлердің бүкіл құрылымын қамтиды. Ал 1999 жылы ашылған Армия генералы

С.Нұрмағамбетов атындағы «Жас ұлан» республикалық мектебі нағыз патриоттар тәрбиелейтін оқу орнына айналды. Онда тұрмысы төмен және көп балалы отбасыларының балалары білім алуда.

Әскерлерде жеткілікті түрде кадрлар мен зияткер офицерлер әлеуеті қалыптасты. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері институттарының түлектері жыл сайын ел әскери құрылымдарында лайықты қызметтен өтеді. Олардың көпшілігі қазірдің өзінде құрама, әскери бөлім, батальон, рота командирлері лауазымдарында, сондай-ақ Қазақстан мен Ресей әскери академиялары мен университеттерінде оқып, білімдерін жетілдіруде.

Бүгінгі білім жүйесі

Жалпы тәуелсіздік алғалы бері елімізде Қарулы Күштерде әскери кадрларды даярлаудың ұлттық жүйесі құрылды. Жүйе үзіліссіз білім беру үдерісін қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңында қарастырылған бес деңгейді қамтиды. Яғни, орта білім, техникалық және кәсіби, жоғары білім – бакалавриат, жоғары оқу орнынан кейінгі білім – магистратура және докторантура, сондай-ақ қосымша білім



– әскери кафедралар, қайта даярлау және біліктілікті арттыру.

Орта білімді Астана, Алматы, Қарағанды және Шымкент қалаларындағы «Жас ұлан» республикалық мектептері береді. Ал техникалық және кәсіптік білімді Ш.Уәлиханов атындағы Қадет корпусы ұсынады. Бұл оқу орнын бітіріп шыққан кәсіби сержанттар Қарулы Күштердің әртүрлі лауазымдарында қызмет етуде. Мұнымен қоса Қарулы Күштер әскерлерінің барлық түрлері мен тектерінің мамандары 3 әскери жоғары оқу орындарында даярлануда.

Тәрбиеленушілер тәлім алады

Алғаш «Жас ұлан» мектебі 1999 жылдың наурыз айында ҚР Үкіметі Жарлығына сәйкес құрылды. Тәуелсіз Қазақстанның Қарулы Күштері үшін мектеп қабырғасынан болашақ командирлерді дайындайтын арнайы оқу орнын құру еліміздің Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың идеясы болып табылады.

Қазіргі кезде мектепте мемлекетіміздің түкпір-түкпірінен жиналған 500-ге тарта ұлан білім алуда. Нұр-Сұлтанда ғана емес, қазір Алматы, Шымкент және Қарағанды қалаларында

тағы да үш «Жас ұлан» әскери мектептері жұмыс істейді. Әскери мектептерде тәрбиеленушілер мемлекеттік және шет тілдерін, жалпы білім беретін пәндер тереңдетіп оқиды және дене шынықтырумен шұғылданады. Мектеп пәндерімен қоса олар жалпы әскери тактика, байланыс негіздері, саптық даярлық, жалпы әскери жарғылар және басқа да әскери пәндерді меңгереді. Заманауи оқу-материалдық база жаңа техникалық құралдарды қолдана отырып интерактивті, компьютерлік және лингафон сыныптарында сапалы оқу процесін ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Әскери пәндер бойынша кабинеттерде ұландықтар тәжірибе жүзінде өткен тақырыптарды пысықтауға әскери техника мен қару-жарақтардың жаңа үлгілері бар. Әскери авиацияны одан әрі оқуды жоспарлаған тәрбиеленушілерге әскери ұшқыш мамандығының негіздерін оқуға мүмкіндік беріледі.

2007 жылғы қыркүйектен бастап «Мемлекеттік авиация орталығы» Республикалық мемлекеттік кәсіпорнының негізінде ұландар үшін «Жеңіл қозғалтқышты ұшқыш» біліктілігі берілетін ұшу дайындықтары бойынша сабақтар жүргізіледі. Ұландар олимпиадаларда, әртүрлі жарыстар мен турнирлерге белсене қатысады.





Олардың жан-жақты дамулары үшін мұражай, театрлар мен спорттық іс-шараларға қатысуларын, атақты ғалымдар мен танымал спортшылармен кездесулер ұйымдастырылады. Одан әрі оқуларын жалғастыру үшін түлектер ҚР Қорғаныс министрлігінің оқу орындарына жіберіледі. Сонымен қатар оқуды шет мемлекеттердің әскери оқу орындарында жалғастыра алады.

Қазіргі кезде «Жас ұлан» астаналық мектебінің түлектері Қазақстан, Ресей, Беларусь, Украина, Түркия, Қытай әскери оқу орындарында білім алуда.

Кәсіби кадеттер қанаттанады

ҚР Қорғаныс министрлігі Шоқан Уәлиханов атындағы Кадет корпусы (бұрынғы атауы) – 1996 жылы Елбасының бастамасымен ашылған, еліміздегі кәсіби сержанттарды даярлайтын бірден-бір білім ордасы.

Кадет корпусының тұңғыш түлектері 1999 жылы 29 шілдеде оқу орнын бітіріп шықты. 2000 жылы 16 ақпандағы Қазақстан Үкіметінің Қаулысы және Қорғаныс министрінің бұйрығы негізінде оқу орнына Ш.Уәлиханов есімі берілді. Ал биыл «Білім туралы» ҚР Заңына сәйкес Қорғаныс министрлігінің Кадет корпусы Әскери колледж болды. Егер бұрын Кадет корпусының




түлектеріне «әскери басқарудың кіші маманы» кәсіби біліктілігі берілген болса, ендігі кезекте оқу орын азаматтық басқарушылармен іс жүзінде салыстырылатын «Әскери істегі кіші буын менеджментінің» мамандарын шығаратын болады. Бұл ретте білім алушылардың «кадет» әскери лауазымы атауы өзгеріссіз қалады.

Қазіргі уақытта Кадет корпусы, яғни ҚР Қорғаныс министрлігінің Шоқан Уәлиханов атындағы әскери колледжі

Қарулы Күштер үшін кәсіби сержанттарды даярлайтын негізгі орталық болып табылады.

Жыл сайын орта есеппен 1500 жас азамат оқу орнына түсуге үмітті. Айта кетейік, 2020 жылы білім беру мекемесіне 240-тан астам кадет қабылданған. 1996 жылдан бері оқу орны 2800-ден астам еліміздің Қарулы Күштері мен басқа да күш құрылымдарында қызмет ететін кәсіби сержанттарды дайындаған.





Оқу орнында білім алу тегін және оқу мерзімі 1 жыл 10 айды құрайды. Кадеттер тұратын орынмен, тамақтанумен және заттай мүлікпен қамтамасыз етіледі. Осы уақыт ішінде болашақ кіші командирлер әскери ғылымды теория және тәжірибе жүзінде де үйренеді.

Оқу процесі барысында әрбір кадетпен Қарулы Күштерде сержанттар құрамы лауазымдарында күнтізбелік 10 жыл мерзімге әскери қызметті өткеру туралы келісімшарт жасалады.

Жиырма төрт жыл ішінде Кадет корпусы әскери білім беру жүйесінде өзінің бағытын берік орнықтырып, кәсіпқой сержанттардың бірталай шығарылымын жүзеге асырды.

Өз елімізде маманданады

Қазір Қарулы Күштер әскерлерінің барлық түрлері мен тектерінің мамандары 3 әскери жоғары оқу орындарында даярланады. Мәселен, Құрлық әскерлерінің әскери институты кадрлар дайындауда орны ерекше. Қарулы Күштердің кіші офицерлер құрамының 70 пайыздан астамы – осы оқу орнының түлектері. Тәуелсіздік жылдары бұл институтты 7 мыңнан астам офицер бітірген. Институттың 70-ке жуық түлегі генерал атағын алған.

Бұдан бөлек, Әуе қорғанысы күштері, байланыс әскері, автоматтандырылған

басқару жүйесі, ақпараттық (кибер) қауіпсіздік саласына кадрлар даярлау мақсатында 2001 жылы құрылған Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институтының да қызметі мақтауға тұрарлық. Институт 10 бағыт бойынша 1 мыңнан астам офицер дайындады. Сондай-ақ Т.Бигельдинов атындағы Әуе қорғанысы күштері институтының да ерекше орны бар екенін айтпасқа болмайды. Бұл оқу орны Әскери-әуе күштеріне ғана емес, Ішкі істер министрлігі мен Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі үшін де мамандар дайындайды. Мұнда бүгінге дейін 2 мыңға жуық ұшқыш пен инженер өз істеріне маманданды. Сонымен бірге, Ақтау қаласындағы Әскери-теңіз институты да Әскери-теңіз күштері мен ҰҚК Шекара қызметінің теңіз бөлімдері кемелері мен жағалау бөлімдеріне, теңіз, ішкі жүзу кемелеріне және Қазақстан азаматтық флотының аралас кемелер қызметіне кадрлар даярлауда белсенділік танытуда.

Мұнымен қоса, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы атындағы Ұлттық қорғаныс университеті де өзіндік зор үлесін қосып отыр. Ведомствоаралық оқу-әдістемелік орталық болып табылатын бұл университетті жыл сайын 100 офицер тәмамдайды.

Саланы кәсіби мамандармен қамтамасыз етуде әскери-оқыту резервін даярлауға баса назар аударылып отыр. Бұл бағыттағы оқыту ісі азаматтық жоғары оқу орындары жанындағы 29 әскери кафедрада жүргізіледі. Жыл сайын бұл әскери кафедралар 3700-ден астам офицер даярлайды.

Әскери маман – ел қорғанысы

Бүгінде шүкір дейміз, осы оқу орынан түлеп ұшқан мамандарға кенде емеспіз. Мәселен, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Құрлық әскерлерінің Әскери институтында парашютшылар, атқыштар, әскери аудармашылар, әскери инженерлер, сондай-ақ мотоатқыштар, автокөлік әскерлері, зымырандар мен артиллерия қызметкерлері дйындалады. Бұған қоса 2016 жылы «әскер ісіндегі менеджмент» деген жаңа мамандық ашылған болатын. Ал Радиоэлектроника және байланыс әскери инженерлік институтында «Радио және радионавигация», «Байланыс желілері және коммутация жүйелері», «Радиотехника әскерлері», «Автоматтандырылған басқару жүйелері», «Ұйымдастыру және ақпараттық қауіпсіздік технологиясы», «Мемлекеттік құпияларды қорғау-бақылау», «Радио зенитті-зымыран әскерлері», «Радио зенитті-зымыран



әскерлері және технологиялық жабдық» және тағы басқа да мамандық бойынша сарбаздар даярланады. Сондай-ақ, Т.Бигельдинов атындағы Әуе қорғанысы күштерінің әскери институтынан да 8 мамандық бойынша әскери маман даярланады.

Тағы бір айта кетерлігі, жоғары оқу орындарымызда заманға сай жаңа әскери мамандық алуға мүмкіндік бар. Мысалы, осыдан екі жыл бұрын Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институтында «Киберқауіпсіздік» мамандығы ашылды. Бұл мамандық қазақ әскерін ақпараттық технологиялар саласы мамандарымен қамтамасыз етіп, біліктілігін арттыру мақсатында қолға алынған.

Сондай-ақ, өткен жылы Ресей қорғаныс министрлігінің әскери оқу орындарына «Аударма және аударманы жүргізу», «Геоақпараттық картография», «Ғарыштық кешендер желілері мен байланыс жүйелері» және «Жерүсті әскерлердегі емдеу ісі» мамандықтары бойынша нәзік жандарды қабылдау жүзеге асырылады.

Қыздар да оқиды

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің бастамасымен 2016 жылы барлық азаматтық жоғары оқу

орындарында қыздарға арналған әскери кафедралар ашылды.

Әскери кафедраға түсу үшін қыздар медициналық тексеруден, дене шынықтыру стандарттары мен психологиялық тестілеуден өтуі керек.

Қыздардың барлық көрсеткіштері комиссия отырысында қарастырылып, талқыланады.

Жалпы әскери кафедрада білім алған қыздарға ҚР Қарулы Күштері қатарында офицер ретінде өздерін көрсетуге мүмкіндік беріледі. Оқу аяқталғаннан кейін барлық шәкірттерге «Запастағы лейтенант» әскери атағы беріледі және олар автоматты түрде ҚР Қарулы Күштерінің жұмылдыру резервіне түседі.

Білім жүйесі жетілуде

Әскери білім беру жүйесін жетілдіру – еліміздің Қарулы Күштеріндегі негізгі маңызды бағыттарының бірі. Соңғы жылдары әскери білім беру саласында елеулі өзгерістер пайда болды. Әскери кафедраларда жаңа ережелер енгізілді. Салада білім берудің бірыңғай жүйесі құрылды. Әскерилерге жоғары білім беру мақсатында Ұлттық қорғаныс университетінде магистратура, докторантура бойынша мамандар даярланады. Ал әскери институт қабырғасында бакалавр мамандығы бойыншы білім береді. Жоғары

оқу орындарының қабырғасындағы 30 әскери кафедрада запастағы офицерлерді дайындау жүргізілуде. Статистикаға сүйенсек, жыл сайын 3 мыңға жуық әскери қайта даярлау мен біліктілігін арттыру курсынан өтеді.

Әскери ғылымды дамыту мәселесіне келсек, Қорғаныс министрлігіне қарасты ғылыми тәжірибелік база бар. Оның қабырғасында 7 зертхана жұмыс істейді. Сондай-ақ, оқытушылық құрамның біліктілігін арттыру жайы да қарастырылған. Мәселен, 61 докторант білімін жетілдіруде. Бұдан бөлек, мамандардың біліктілігін арттыру мақсатында Назарбаев университетімен ынтымақтастық орнатылған.

Р.С. Жалпы әскери білім жүйесінде моральдық-патриоттық рухты көтеру егемендік пен ұлттық қауіпсіздікті, ұлттық мүдделерді қорғаудың маңызды кепілі болып саналады. Қорыта айтқанда, әскери білім беру жүйесін одан әрі дамыту, заман сұранысына сай жетілдіру, әскери дайындықты арттыру, сондай-ақ жаһандық қауіпсіздікті нығайтуға атсалысу үшін мүмкіндіктерді ұлғайту күн тәртібінен түспек емес.

АҒА БУЫННЫҢ ІСІН ЖҮЙЕЛІ ЖАЛҒАСТЫРЫП КЕЛЕДІ

Полковник Ораз КУЧУКОВ, «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы әскерлері басшысының тәрбие және идеологиялық жұмыстары бойынша орынбасары

1990 жылдардың аяғында әлемдегі және Орталық Азия аймағындағы өзгерген саяси және әскери жағдай бәріміздің есімізде. Ел сан жылдар бойы аңсаған Тәуелсіздігін алған соң, Қазақстанның алғашқы әскери доктринасын түбегейлі қайта қарауды ғана емес, сонымен қатар әскери қолбасшылық құрылымын да өзгерту қажет болды. Мұндай шешімнің алғышарттарына Ауғанстандағы тұрақсыздықтың жалғасуын, Қазақстанның оңтүстік елдеріндегі, көрші елдердегі қарулы қақтығыстарды жатқызсақ, қателеспейміз. Елдің қауіпсіздігі мен тұтастығын қамтамасыз ету жүйесін оңтүстік стратегиялық бағытта қайта қарау қажет еді.

«Оңтүстік» қалай құрылды?

Оңтүстік аймақтарға орналастырылған әскери бөлімдерді біріктіру және оларды біртұтас басшылыққа бағындыру, яғни елдің оңтүстігінде сенімді қорғанысты қамтамасыз ететін әскерлер тобын құру бұл шешімді жас және тәуелсіз Қазақстанның басшылығы зор батылдықпен дұрыс қабылдады деп ойлаймын. Бұл шешім қолбасшылық штабын Тараз қаласында орналастырумен «Оңтүстік» әскери округін құрудан басталды.

«Оңтүстік» әскери округтің қолбасшысының кеңсесі «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылымы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 6 шілдедегі №147 Жарлығын, «Қазақстан Республикасының әскери реформасының тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 7 шілдедегі №148 қаулысын іске асыру мақсатында құрылды. Со-

нымен қатар 2005 жылға арналған әскери құрылыстың мемлекеттік бағдарламасы мен Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2000 жылғы 11 тамыздағы директивасы назарға алынды. «Көш жүре түзеледі» деген дана халқымыз. Осылайша біздің құрылымның іргесі бекіді, уықтары қатайды.

Ірі әскери құрам Алматы, Жамбыл, сол кездегі Оңтүстік Қазақстан, қазіргі Түркістан, Қызылорда облыстарының және Шымкент қаласының аумағында орналасқан. Осындай қуатты әскерлер тобын басқаруды тек тәжірибелі әскери жетекшіге сеніп тапсыру керек болды. 2000 жылы 15 қыркүйекте Алматы қаласында тұрақты орналасу пунктінде «Оңтүстік» әскери округінің командирі генерал-майор Әлихан Жарболов 03858 әскери бөлімін құрды.

2000 жылдың 15 қыркүйегі «Оңтүстік» әскери округі қолбасшысының кеңсесі құрылған

күні болып саналады. Жауынгерлік ту Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 13 сәуірдегі Жарлығына сәйкес 2001 жылғы 7 мамырда «Оңтүстік» әскери округінің штабына табысталды. 1990 жылдардың соңында «Отар» оқу орталығын басқарған және «Оңтүстік» әскери округінің командирі болып тағайындалған генерал-майор Әлихан Жарболов «Оңтүстік» әскери округтің құрылуы мен ірге қалауы, әскери бөлімдердің қайта орналасуы және жаңа бөлімдердің құрылуы бойынша негізгі ауыртпалықты көтереді.

Әскерилер Тараздың тынысын ашты

Тәжірибелі генералдар мен офицерлер «Оңтүстік» әскери округі командирлерінің орынбасарлары болып тағайындалды. Олардың қатарында Геннадий Носоновскийді, Владимир Назаренконы, Ержан Садықовты, Берген Сейітқалиевті,



Дамир Халықовты атап айтуға тиіспіз. Бұл офицерлер «Оңтүстік» әскери округінің командирі генерал-майор Әлихан Бірімжанұлы Жарболовтың орынбасарлары бола жүріп, командирдің толықтай сенімін ақтады. Олар «Оңтүстік» әскери округтің құрылуы мен ең қиын алғашқы жылдардағы өте ауыр жүктемені бөлісті.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2001 жылғы қыркүйектегі директивасы негізінде Жамбыл облысы, Меркі ауданы, Меркі ауылына орналастырумен жеке мотоатқыштар батальоны – 11971 әскери бөлімі құрылды. Тағы бір мотоатқыштар батальоны – 42062 әскери бөлімі Т.Рысқұлов ауданы, Луговое ауылына орын тепті. Қорғаныс министрінің дәл осы директивасына сәйкес 2001 жылдың 1 қыркүйегінде жеке тау-күзет дивизиясы құрылды. Бұл 91678 әскери бөлімі Жамбыл облысы, Жуалы ауданындағы Бауыржан Момышұлы елді мекеніне орналасты.

Тараз – бүгінде әскери бөлімдер әбден орныққан облыс орталықтарының бірі. Ал 1990 жылдардың соңында бәрі басқаша болатын. Қалада әскери формадағы адамдар өте сирек кездесетін. Экономикадағы қиындықтарға байланысты көптеген кәсіпорындар тоқтап қалды. Нәтижесінде жұмыссыздық пен құлдырау, иесіз қалған пәтерлер пайда болды.

Әскерилердің келуі аймаққа жаңа тыныс әкелді. Жұмыс орындары құрылды: келісімшарт бойынша әскери қызметшілер мен запастағы офицерлер жергілікті тұрғындардан «Оңтүстік» әскери округінің әскери бөлімдерінің қатарына шақырылды. Пәтерлер сұранысқа ие бола бастады: Қорғаныс министрлігі оларды сатып алып, әскерилер үшін тұрғын үй қорын құрды.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2003 жылғы 1 қарашадағы директивасы негізінде Оңтүстік әскери округі қолбасшысының кеңсесі «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы қолбасшысының кеңсесі болып өзгертілді.

Осы жылдары «Оңтүстік» әскери округі, содан кейін «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының әскерлерін

Әлихан Жарболов, Уәли Еламанов, Бахтияр Сыздықов, Болат Дарбеков, Талғат Қойбақов, Марат Хұсайынов сияқты тәжірибелі және танымал генералдар басқарды. Олардың әрқайсысы «Оңтүстік» аймақтық қолбасшылығы әскерлерінің дамуы мен нығаюына лайықты үлес қосты. Олардың білікті басқаруының, жұмыс істейтін жүйенің, мақсатқа адалдықтың арқасында «Оңтүстік» аймақтық қолбасшылығының әскерлері дамыды, нығайтылды және жетілдірілді. Олар жауынгерлік дәстүрлерді, жұмыс принциптерін, ұжымшылдық рухын және әскери жолдастықты сақтап, толықтырды және жеткізді.

Қазіргі кезде «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының әскерлерін генерал-майор Қайдар Қарақұлов басқарады, оның басқаруымен «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығына қарасты бөлімде мен бөлімшелердің әскери қызметшілері өздерінің кәсіби деңгейлерін жақсарту үстінде. Жетілген құрылымдар елдің қорғаныс қабілетін нығайтуға қуатты үлес қосып жатыр деп толық сеніммен айта аламыз.

Біз осылай орнықтық

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2003 жылғы 17 маусымдағы директивасына сәйкес Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы, Луговое ауылында орналасқан жеке барлау бөлімі – 03811 әскери бөлімі құрылды. 2004 жылдың желтоқсанында сол кездегі Оңтүстік Қазақстан облысы, Сарыағаш ауданының Жібек жолы ауылында Қорғаныс министрінің директивасы негізінде жеке мотоатқыш батальоны – 32039 әскери бөлімі ірге қалады, содан соң ол 35748 әскери бөліміне кірді. 2005 жылдың 1 қарашасында сол кездегі Оңтүстік Қазақстан облысының Арыс қаласында 35748 әскери бөліміне кіретін жеке мотоатқыш батальоны – 74884 әскери бөлімі жасақталды.

Оңтүстік аймаққа мықтап орналасқан бөлімдердің әскери компоненті олардың өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Аймақтық деңгейдегі іс-шара шындығында әскери қызметшілердің қатысуынсыз өтпейді. Әскери қызметшілерді

салтанатты іс-шараларға шақыру оңтүстік облыстар мен қалалары әкімдіктерінің құрметіне айналды. Әскери жерде тәртіп пен тағылым бар. Ұлдар мен қыздар әскери формаға таңданыспен қарап, болашақта сол киімді киюді армандайды. Сарбаздар мен офицерлер мектеп оқушыларымен кездесуге келгенде мектеп мұғалімдері қуанады: бұл – Отан қорғаушыларды мысалға ала отырып, балалардың бойында Отанға деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімді тәрбиелеудің ең жемісті әдісі.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің 2008 жылғы 29 қыркүйектегі директивасы негізінде Гвардейск қаласындағы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Құрлық әскерлерінің кіші мамандарын даярлау жөніндегі оқу орталығы (30212 әскери бөлімі) «Оңтүстік» аймақтық қолбасшылығының әскери бөлімдерінен шығарылып, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Құрлық әскерлері орталығына бағынатын әскери бөлімдердің қатарына енгізілді. Есесіне Қорғаныс министрінің 2010 жылғы 30 қарашадағы директивасы негізінде Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Гвардейск ауылында резервтік танк бригадасы (22326 әскери бөлімі) құрылды.

2010 жылғы 25 қарашада Қорғаныс министрінің директивасы негізінде радиациялық, химиялық және биологиялық қорғаныстың жеке батальоны – 22534 әскери бөлімі Жамбыл облысының орталығы Тараз қаласына орналастырылды. 2019 жылдың қыркүйегінде Қазақстанның Қорғаныс министрінің бұйрығына сәйкес бұл бөлімшеге бірінші қазақ генералы генерал-майор Шәкір Жексенбаев тағайындалды. 2013 жылы Қорғаныс министрінің бұйрығы негізінде механикаландырылған бригада – 12740 әскери бөлімі мен артиллериялық бригада – 29108 әскери бөлімі Алматы облысы, Кербұлақ ауданының Сарыөзек елді мекенінде орналасқан, сондай-ақ Панфилов облысының Жаркент ауылында орналасқан жеке мотоатқыш батальоны 74261 әскери бөлімінің бір бөлігі болды. Содан соң «Оңтүстік» аймақтық қолбасшылығының әскери

бөлімдерінен шығарылып, Қазақстан Қарулы Күштері Құрлық әскерлері Аэроұтқыр әскерлеріне бағынуға берілді.

Қорғаныс министрінің бұйрығы негізінде 2013 жылдың 7 шілдесінде 21450 әскери бөлімінің қорына Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Гвардейскауылында 40-шы «Отар» әскери базасы құрылды. 2014 жылдың 1 наурызында Қорғаныс министрінің бұйрығы негізінде сол кездегі Оңтүстік Қазақстан облысының Арыс қаласында жеке артиллериялық дивизия – 16752 әскери бөлімі ірге қалады. 2015 жылдың 1 шілдесінде Қорғаныс министрінің бұйрығы негізінде Қызылорда қаласында жеке барлау бөлімі – 66597 әскери бөлімі ашылды. Қорғаныс министрінің 2018 жылғы 21 сәуірдегі бұйрығы негізінде Тараз, Шымкент және Қызылорда қалаларында аумақтық қорғаныс бригадалары жасақталды.

2019 жылы Қорғаныс министрінің бұйрығы негізінде Тараз қаласының әскери госпиталі мен Гвардейск қаласындағы әскери госпиталь «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының әскери бөлімдерінен шығарылып, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің материалдық-техникалық қамтамасыз ету және қару-жарақ бастығының орталық бағынысты әскери бөлімдеріне енгізілді. Бүгінде қайта құру кезеңдерінен кейін «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының жауапкершілік саласына үш аймақ кіреді: Жамбыл, Қызылорда және Түркістан облыстары.

Біздің жауынгерлер полигондарда ыстық-суыққа әбден піскен

«Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының тарихында ерекше орын алатын, 2013 жылы «Отар» 40-шы әскери базасында өткен Қазақстан мен оның Қарулы Күштері тарихындағы алғашқы жауынгерлік парадтың маңызы зор. Еліміздің тұңғыш Президенті – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы Нұрсұлтан Назарбаев Отан қорғаушылар күніне арналған Жауынгерлік па-

радты көру үшін полигонға келген болатын. Сондай-ақ, «Отар» 40-шы әскери базасы «АрМИ» халықаралық ойындары кезеңдерінің қуатты алаңына айналды. 2016 жылдан бастап Мәтібұлақ пен Гвардейск полигондарында «Артиллерия отының шеберлері», «Сұңқарлар», «Сенімді қарсы алу» сайыстары өткізіліп келеді. Жарыстарға шетелдік қатысушылардың бағалауы бойынша, базаның жоғары деңгейде дайындалуы барлық жарыстарды лайықты деңгейде өткізуге мүмкіндік берді.

«Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы әскерлерінде республиканың аумақтық тұтастығы мен егемендігінің қарулы қорғалуын қамтамасыз ететін деңгейде аймақтық қолбасшылық әскерлерінің тұрақты жауынгерлік және жұмылдыру дайындығын сақтауға үлкен көңіл бөлінеді. Қолбасшылықтың «Мәтібұлақ», «Мөңке», «Айша-бибі», «Көктал» және «Дарбаза» оқу орталықтарындағы әскери полигондары бөлімшелер мен бөлімдердің практикалық экскурсияларын өткізу функцияларын толығымен орындайды, әскери қызметшілердің кәсіби шеберліктерін арттыруға ықпал етеді.

Ахуалдың кез келген жағдайында жүктелген міндеттерді ойдағыдай орындау үшін әскерилердің жауынгерлік қабілетінің артуы әр жылдары «Оңтүстік» ӨҚ полигондарында өткен ауқымды халықаралық жаттығулар барысында бірнеше рет көрсетілді. Оқу-жаттығулар барысында әскерилер өздерінің далалық дайындықтарын арттырады, ал командирлер мен штабтар арнайы операцияларды ұйымдастыруда тәжірибе алады, күштердің коалициялық тобын құру, орналас-тыру және пайдалану мәселелерін зерттейді.

«Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы жедел және жауынгерлік дайындықты жүргізудің формалары мен әдістерін, әскерлерді өз бетінше де, басқа әскерлермен және әскери құрамалармен ынтымақтастықта қолдану теориясы мен практикасын үнемі жетілдіріп отырады. Әскерлерде «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы құрылғаннан бастап,

әскери қызметшілердің өздерінің тікелей міндеттерін сапалы орындауы үшін жағдай жасау бойынша орасан зор жұмыс жүргізілді. Бұл, ең алдымен, әскери қалашықтардың орналасуы мен әскери қызметшілер мен олардың отбасыларының әлеуметтік мәселелерін шешуге қатысты.

Ғасырлар мен мыңжылдықтар тоғысында құрылған «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы бүгінде Қазақстан Қарулы Күштерінің Құрлық әскерлеріндегі ең қуатты және ірі жедел-тактикалық құрамалардың бірі болып табылады.

Соңғы 20 жыл ішінде «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының әскерлері әртүрлі жедел-тактикалық және командалық-штабтық жаттығуларға, соның ішінде халықаралық жаттығуларға қатысты. Осы жаттығулардың ішінде: «Іле», Алдаспан», «Айбалта», «Қаратау», «Өзара іс-қимыл», «Бейбіт миссия» және т.б. атап өтуге болады.

«Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы – бұл Қазақстанның оңтүстік шекараларында қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша күрделі, ауыр және ауқымды міндеттерді орындауға қабілетті өзін-өзі қамтамасыз ететін күштер тобы. Осыдан 20 жыл бұрын құрылған «Оңтүстік» аймақтық қолбасшылығы Қазақстанның Құрлық әскерлері құрамындағы оң қанаттан және алға ұмтылушылардың бірі болып табылады, бұл жауынгерлік жарыстың нәтижелерімен дәлелденген. «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы 2019 және 2020 оқу жылдарында бірінші орын алып, көшбасшы ретінде өзінің 20 жылдығын атап өтті. Құрылымның құрлықтағы және Қарулы Күштердегі орны айрықша.

«Оңтүстік» аймақтық қолбасшылығының әскерлері осы бірлестіктің бастауында тұрған және оны құрғандардың даңқты дәстүрін жалғастыруда. Олар елдің қорғанысын қамтамасыз ету, әскери агрессияны тойтару, сыртқы қауіп-қатерлердің алдын алу және мемлекеттегі ішкі тұрақтылықты қамтамасыз ету жолында бүкіл қазақстандық армияның ортақ ісіне өз үлестерін қосуды жалғастыруда.



ӘУЕ КЕҢІСТІГІН КҮЗЕТУ ҚЫРАҒЫЛЫҚТЫ ҚАЖЕТ ЕТЕДІ

Ұшы-қиыры жоқ көк аспан біздер – қарапайым жандар үшін қол жетпес биіктіктің, ой жетпес шексіздіктің символы іспеттес. Аспан әлеміне анықтама бер десе, біздің бар айтатын әңгімеміз осымен тәмам. Ал сол әуе кеңістігін қалтқысыз күзетіп, жердегі тіршіліктің тыныштығына жауап беретін мамандар жайлы біз біле бермейміз.

Олар үшін көк аспан – маңызды объект. Олар еліміздің әуе кеңістігін әртүрлі жағдайларда, кез келген биіктік пен шептерде әуе соққыларынан қорғайды. Біздің бүгінгі айтпағымыз Әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлері, соның ішінде еліміздің батыс өңірінде орналасқан 51809 әскери бөліміне қарасты 51809 «Б» әскери бөлімі жайында.

Бұл әскери бөлімнің негізгі тапсырмасы – еліміздің батысының әуе кеңістігін күзету мен қорғау. 51809 «Б» әскери бөлімінде 100-ден астам әскери қызметші қызмет атқарады. Олардың барлығы – келісімшарт қызметкерлері. Бөлімде таңсәриден «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін күзету мен қорғау қызметіне түсуге бұйырамын!» деген бұйрық

алынған сәттен бастап бір тәулік бойы әуе кеңістігіне жауапты тұлғалар өз қызметтеріне кірісіп кетті. Негізгі тапсырмалары – Қазақстан Республикасына қарасты әуе кеңістігіне барлау жүргізу. Таңертең ең алдымен, жауынгерлік кезекшілікке түсу рәсімі өтеді екен. Жауынгерлік жоспарына сәйкес одан кейін сабақтар басталды. Атап айтқанда, арнайы дайындық,



саптық дайындық, атыс дайындығы, жаппай қырып жою қаруынан қорғану, дене дайындығы.

Осы жерде негізгі басымдық дене дайындығы мен атыс дайындығына беріледі. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас Қолбасшысы Қ.Тоқаевтың әскерге ерекше көңілбөлуінің арқасында жауынгерлік дайындық тапсырмалары бүгінде едәуір қиындаған. Әуе оқу нысаналары күрделенген. Барлық әскери техникалар заманауи құрылғылармен жаңартылып, жабдықталған. Жауынгерлік кезекшілік атқаратын әскери техникалар Қазақстан Республикасында модернизациядан өткізіліп, сапқа қойылған.

Әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлерінің бір ерекшелігі Қарулы Күштер әскерлерінің басқа тектері мен түрлеріне қарағанда үнемі және тұрақты әзірлікте болады. Және Қазақстанның әуе шептерін күзету бойынша кезекшілік атқарады.

Отан қорғаудан артық міндет жоқ! Армия – мемлекеттің берік қорғаны. Бүгінгі әскер – байрақты батыр бабалардың ұрпағы! Даңқты батыр бабаларымыздың ерлік дәстүрін лайықты жалғастырушылар – 51809 «Б» әскери бөлімінің жеке құрамы келісімшарт негізіндегі әскери қызметшілерден жасақталған екен.

«Бізде офицерлер де, сержанттар мен қатардағы құрам лауазымдарындағы әскери қызметшілер де келісімшарт





негізінде қызмет атқарады. Келісімшарт бойынша әскери қызмет – бұл мемлекеттік қызметтің ерекше түрі ғана емес, кәсіби өсу келешегін беретін, әскери қызметшінің өзінің, оның отбасының әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ететін абыройлы жұмыс», – дейді 51809 «Б» әскери бөлімінің батальон сержанты 3-ші сынып сержанты Бисенбек Батырбекұлы Алтынбеков әңгіме барысында.

Әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлеріндегі қызмет жинақылыққа, өз-өзіне сенімділікке міндеттейді, тез дұрыс шешім қабылдау қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

Даңқты қолбасшы, біртуар тұлға Бауыржан Момышұлының «Атқа мініп жүре алмайтынға жуас та асау, жебе де қысқа, тартпа да бос, ердің үсті де қолайсыз, тізгін де ұзын көрінеді – барлық сылтауды жайып салады» деген қанатты сөзі бар емес пе еді?! Алайда бұл әскери бөлімде сайдың тасындай сараланған әскери қызметшілер қызмет атқарады. Олай дейтініміз, 51809 «Б» әскери бөлімі батальондар арасында 2020 жылдың оқу қорытындысы бойынша 1 орынды жеңіп алыпты. Ал жалпы бригада, яғни 51809 әскери бөлімі Әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлері бөлімдерінің арасында 1 орынды иеленген. Бұл биылғы жылдың қорытындысы бойынша үздік нәтиже! Демек осы бөлімде қызмет атқаратын әрбір әскери қызметшінің қажырлы еңбегі деуге толық негіз бар.

Қазіргі уақытта Қазақстан армиясы инфрақұрылымы мен материалдық-техникалық базасы жетілдірілген,

Әуе шабуылына қарсы қорғаныс құралдары заманауи қару-жарақ түрлерімен жабдықталған. Енді сол заманауи қару-жарақ түрлерін игеріп, жауынгерлік кезекшілік қызметін атқару – жеке құрамға қойылған негізгі тапсырма. Бөлімдегі әскери қызметшілер келісімшарт негізінде жасақталғандықтан, бұл ретте батальон сержантының атқаратын рөлі зор. Өйткені қызмет уақытынан басқа олардың бөлімнен тыс уақытындағы әрекеттеріне жауапты болатын батальон сержанты әрбір бағынысты жеке құрамды жіті танып, зерттей білуі тиіс. Ал жеке құрамда қызмет ететін әскери қызметшілердің тереңдетілген жеке тәрбиесін жүргізбей, анықтап білу мүмкін емес дейтін болсақ, жеке тәрбие жұмысының негізінде командирдің өзінің бағыныштыларын әртүрлі жағдайдағы әскери қызметте жан-жақты зерттеу барысында жинақталған

әскери қызметшінің жеке тұлғасын терең білуі жатыр.

Демек батальон сержантының негізгі тапсырмасы – бағынысты жеке құрамды терең зерттеп білу. Өйткені жеке құрамның жауынгерлік дайындықта, жауынгерлік кезекшілікте, тәуліктік және қарауылдық қызметте өз міндеттерін жоғары дәрежеде атқаруларына дайындау – осы батальон сержантының тікелей міндеті. «Қайрат етер мезгілде, жүк көтерер нардай бол. Ақыл айтар мезгілде, мың жасаған шалдай бол» деп Бауыржан Момышұлы айтқандай, бағынысты дайындау – оңай міндет емес.

